

«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
АҚ Жалғыз құрылтайшысының  
2017 жылғы 22 тамыздағы  
№ 1 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**«Қазақстанның орнықтылық қоры»  
АҚ-ның таза табысын бөлу тәртібі**

1. Осы «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) таза табысын бөлу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Қоғамның таза табысы (салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейінгі) Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Жалғыз акционердің шешімімен көзделген өзге де мақсаттарға бағытталады.

3. Қоғамның таза табысын бөлу тәртібіне өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Қоғамның Басқармасы енгізуі мүмкін.

4. Енгізілетін ұсыныстар жазбаша түрде ресімделеді, Қоғамның Жалғыз акционеріне белгіленген тәртіппен одан әрі бекітуге шығарыла отырып, Директорлар кеңесінің қарауына жіберіледі.

5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді есептеуге келесі жағдайларда жол берілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болғанда;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде туындаса.

6. Қоғамның таза табысын бөлу тәртібінде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның Жарғысымен реттеледі.